## Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 маусымдағы № 696 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.06.2014 № 696 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген

## Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасы

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.05.11 № 604 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасы (бұдан әрі – Қағида)

Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі, « Мақта саласын дамыту туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарына, мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламаларға және агроөнеркәсіптік кешеннің дамуын реттеуге бағытталған басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес бағыттар бойынша тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде субсидиялар ( бұдан әрі – субсидиялар) төлеудің тәртібін айқындайды.

2. Субсидиялар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (бұдан әрі – АШТӨ) осы Қағидада белгіленген тәртіпке сәйкес жыл сайын мынадай бағыттар бойынша:

1) көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың, оның ішінде көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге қажетті лизинг шартының негізінде сатып алынған тұқымның құнын (40 %-ға дейін) арзандатуға;

2) жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызу мен өсіруге кететін шығындардың құнын ішінара (40 %-ға дейін) өтеуге;

3) мақта иелеріне мақта талшығының сапасына сараптама жасауға арналған шығындардың құнын толық өтеуге;

4) мақта иелеріне мақтаны қайта өңдейтін ұйымдарға қабылдау кезінде шитті мақтаның сапасына сараптама жасауға арналған шығындардың құнын толық өтеуге;

5) тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) мен гербицидтердің құнын арзандатуға (50 %-ға дейін) бөлінеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.04.2013 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Қаржыландыру заңнамада белгіленген тәртіппен облыстың және Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының шешімі негізінде осы Қағиданың 2-тармағында көрсетілген бағыттарға сәйкес облыстың және Астана мен Алматы қалаларының тиісті жылға арналған бюджеттерінде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Қандай да бір аудан бөлінген қаражатты толық игермеген жағдайда облыстардың әкімдері оларды облыс бойынша бекітілген субсидиялау көлемі шегінде осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша қайта бөлуі мүмкін.

5. АШТӨ-нің осы Қағиданың 2-тармағының 1), 2) және 5) тармақшаларында белгіленген бағыттар бойынша субсидиялар алуға арналған тізімін айқындау

үшін әрбір ауданда (облыстық маңызы бар қалада, Астана және Алматы қалаларында) аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) әкімінің шешімімен құрамы аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) әкімдігінің, оның ішінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың, Астана және Алматы қалаларының) ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімдерінің немесе басқармаларының, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның аумақтық инспекциясының, қоғамдық және ғылыми ұйымдардың өкілдерінен тұратын ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – ВАК) құрылады.

Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі, ал Астана және Алматы қалалары және облыстық маңызы бар қала бойынша – қала әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы немесе бөлімі (бұдан әрі – бөлім) ВАК-тың жұмыс органы болып табылады.

6. Бөлім субсидиялар алу үшін құжаттар қабылдаумен басталатын және аяқталатын күнді белгілейді және құжаттарды қабылдау мерзімі мен басқа да қажетті мәліметтерді көрсете отырып, ВАК-тың жұмыс тәртібін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.09.2013 № 988 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Аудандар бойынша субсидиялар көлемдері (басым дақылдардың егістік алқабының болжамды құрылымына қарай) облыстың және Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының шешімімен белгіленеді.

8. Облыстың және Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының шешімімен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) келісімі бойынша:

1) басым дақылдардың тізбесі және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары;

2) жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге жұмсалған шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялар нормалары;

3) мақта талшығы мен шитті мақтаның бір сынамасының сапасын сараптама жасау құны;

4) субсидияланатын тыңайтқыштар мен гербицидтердің түрлері және отандық өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмына), тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне,

килограмына), гербицид жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 килограмына (литріне) арналған субсидиялардың нормалары белгіленеді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.09.2013 № 988 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 2. Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың, оның ішінде көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге қажетті лизинг шартының негізінде сатып алынған тұқымның құнын арзандатуға арналған субсидиялар төлеу тәртібі

### 1. Субсидия төлеу шарттары

9. Субсидиялар базалық және көтеріңкі нормалар бойынша төленеді.

Осы Қағиданың мақсаттары үшін субсидиялардың базалық нормасы деп агротехнологияларды қолдану деңгейіне қарамастан, АШТӨ-ге төленетін субсидиялардың ең төменгі мөлшері түсініледі.

10. Жанар-жағар май материалдарын және басқа да тауарлық-материалдық құндылықтарды, оның ішінде көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге қажетті лизинг шартының негізінде сатып алынған тұқымды сатып алуға байланысты субсидияларды төлеу:

1) дәнді дақылдар (күріштен, дәндік жүгеріден басқа) бойынша – егіс науқанының қорытындылары бойынша 1 гектарға субсидиялардың базалық нормасы бойынша 100 %. Бұл ретте тұқымды себу үшін пайдалану «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабымен регламенттеледі.

Осы дақылдар ғылым ұсынған құрамында сүрі жердің (пар) үлесі бар аймақтық ғылыми негізделген агротехнологияларды сақтай отырып және (немесе ) негізгі элементтерді: егіске дейін топырақты құрамында глифосат бар жаппай қолданылатын гербицидтермен көктемгі егіс алдындағы химиялық өңдеуді, арнайы сепкіштермен немесе нөлдік технологияға сәйкес келетін себушілері бар себу кешендерімен себуді, сабанды міндетті түрде ұсақтау мен біркелкі шашып тастай және аңызды биік қылып қалдыра отырып егін жинауды қамтитын нөлдік технологияларды (no-till) қолдана отырып өсірілген жағдайда базалық нормаға қарағанда көбейтілген субсидия төленеді.

Бұл ретте:

1) себу Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген Мемлекеттік

селекциялық жетістіктер тізіліміне енгізілген және (немесе) перспективалы деп танылған сұрыптардың үшінші репродукциясынан кем емес тұқымдармен жүзеге асырылады;

2) базалық және субсидиялардың көбейтілген нормаларын төлеу дәнді дақылдар түрлерінің өңірлердегі басымдылығына қарай сараланып жүзеге асырылуы мүмкін;

2) майлы дақылдар, күріш, дәндік жүгері, сүрлемдік жүгері, сүрлемдік күнбағыс, мақта, көкөніс-бақша (қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдарын қоспағанда), жемшөптік, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер, жеміс-жидек дақылдары, жүзім және картоп бойынша – егіс науқанының қорытындылары бойынша базалық норма бойынша 1 гектарға 100 % жүзеге асырылады.

Бұл ретте:

мақта мен күрішті өсірумен айналысатын және 50 гектардан кем мақта, 200 гектардан кем күріш егіс алқабы бар АШТӨ, егер олар ауылдық тұтыну кооперативіне не су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативіне қатысушы болып табылмаса, субсидиялардың базалық нормасының елу пайызы мөлшерінде субсидия төленеді;

2-1) қант қызылшасы (фабрикалық) бойынша:

50 % - 1 гектарға егіс науқанының қорытындылары бойынша;

50 % - сатылған немесе қант зауытына қайта өңдеуге өткізілген 1 тонна қант қызылшасына (қолда бар қайта өңдеу қуаттарына сәйкес);

3) қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары бойынша – жылыжайдың түріне байланысты сараланған түрде және өкілетті органның ғылыми-техникалық кеңесінің шешімімен мақұлданған көкөніс дақылдарын өсіруге жұмсалатын шығындар нормативтеріне сәйкес алынған өскін қортындылары бойынша (1 шаршы метрге өнген өскіннің кемінде 95%) әрбір дақыл айналымын бір гектарға көзделген жылдық субсидиялар нормалары бойынша әрбір дақыл айналымынға бөлек 50 %-дан жүзеге асырылады.

Бұл ретте тұтас алғанда қорғалған топырақ жағдайындағы көкөніс дақылдарының екі дақыл айналымынан артық емес: біріншісі – ағымдағы жылғы 1 қаңтардан 15 маусымға дейін және екіншісі – 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін (қысқы-көктемгі және күзгі-қысқы кезеңдер) субсидияланады;

4) шабындық және (немесе) жайылымдық жерге шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін егілген көп жылдық шөптер бойынша (көп жылдық шөптердің көнежастығы егістігін жырту ғана ескеріледі) – субсидиялардың базалық нормасы бойынша 1 гектарға жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.04.2013 № 350 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); 20.09.2013 № 988 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

11. Мынадай жағдайларда:

1) көкөніс-бақша дақылдары ашық топырақта, майлы дақылдар, дәндік жүгері , сүрлемдік жүгері, картоп, қант қызылшасы мен мақта өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдана отырып өсіргенде. Бұл ретте өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесі: сорғы станциясын, гидроциклонды (немесе сүзгіш қондырғыларын), гидроазықтандырғышты, қысым реттегішті, су өлшегішті және тамшылатқышы бар құбыржолдар жүйесін қамтуға тиіс;

2) суармалы түрде көп жылдық шөптерді, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы көп жылдық бұршақты шөптерді және шабындық және (немесе) жайылымдық жерге шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін егілген көп жылдық шөптерді (көп жылдық шөптердің көнежастағы егістігін жырту ескеріледі) өсіргенде субсидия нормасы субсидиялардың базалық нормасымен салыстырғанда көбейеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.09.2013 № 988 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Субсидиялар егістік жерде өсірілетін оңтайлы мерзімде себілген басым ауыл шаруашылығы дақылдарының және (немесе) шабындық және (немесе) жайылымдық жерге шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін егілген көп жылдық шөптердің алқаптарына ғана төленеді.

Субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімі және оңтайлы себу мерзімдері ғылыми ұйымдардың қорытындылары негізінде жылдың қалыптасқан ауа райы-климаттық жағдайын ескере отырып, субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың, Астана мен Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органының шешімімен айқындалады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.09.2013 № 988 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 2. Қажетті құжаттар тізбесі

13. АШТӨ бөлімге осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінім мен осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемені мынадай құжаттармен:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе

анықтаманың көшірмелерімен (жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың және дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелерімен).

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы берілген куәлік заңды тұлғаның қызметін тоқтатқанға дейін жарамды болып табылады;

2) жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжаттың және (немесе) қаржы лизингі шартының көшірмелерімен;

3) осы Қағиданың 10-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда ауылдық тұтыну кооперативінің немесе су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативінің анықтамасымен;

4) нөмірі көрсетілген банктік шоттың бар екендігі туралы банк анықтамасының екі данасымен қоса ұсынады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.09.2013 № 988 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Дәнді дақылдарды (күріштен, дәндік жүгеріден басқа) өндірумен айналысатын АШТӨ базалық нормаға қарағанда көбейтілген субсидия алушылардың тізіміне енгізу үшін осы Қағиданың 13-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша:

аймақтық ғылыми негізделген технологияларды сақтаған жағдайда:

1) аттестатталған тұқым өндірушілер немесе өткізушілер берген тұқымға аттестаттың не тұқымға куәліктің көшірмесін (тұқым сатып алынған жағдайда), ал себу үшін өзі өндірген тұқымды пайдаланған жағдайда тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалар берген тұқымның кондициялылығы туралы куәліктердің және сұрыптық егістерді байқаудан өткізу актілерінің көшірмелерін ұсынады. Бұл ретте Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген Мемлекеттік селекциялық жетістіктер тізіліміне енгізілген және (немесе) перспективалық деп танылған сұрыптардың үшінші репродукциясынан кем емес тұқымдар себілген алқаптар ғана субсидиялауға жатады;

2) алдыңғы жылы ауыспалы егісте танаптардың орналасу картасын (сызбасын) (АШТӨ растаған);

3) ағымдағы жылы ауыспалы егісте танаптардың орналасу картасын (сызбасын) (АШТӨ растаған);

осы дақылдарды нөлдік технологияларды (no-till) қолдана отырып өсірген

кезде:

1) құрамында глифосат бар гербицидтерді сатып алуды растайтын құжаттардың (құрамында глифосат бар гербицидтерді жеткізу шарты, төлем құжаттары, тауар-көліктік жүкқұжаттар) көшірмелерін;

2) АШТӨ басшысы қол қойған құрамында глифосат бар гербицидтерді енгізу есебін ұсынады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.04.2013 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.09.2013 № 988 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14-1. 1 тонна өндірілген қант қызылшасына субсидия алу үшін АШТӨ бөлімге мынадай құжаттарды:

1) тапсырылған қант қызылшасының көлемін тексеру актісін қоса бере отырып, қант зауытымен қант қызылшасын сатып алу-сату бойынша шарттың (сатылған кезде) көшірмесін;

2) қайта өңдеуге тапсырылған қант қызылшасының көлемін тексеру актісін қоса бере отырып, алыс-беріс қант қызылшасын қайта өңдеу қызметтерін көрсету туралы шарттың көшірмесін ұсынады.

Ескерту. Қағида 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 15.04.2013 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.09.2013 № 988 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

15. Қорғалған топырақта көкөніс өсірумен айналысатын АШТӨ субсидия алушылардың тізіміне енгізу үшін осы Қағиданың 13-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша жылыжайдың техникалық паспортының көшірмесін (нотариалдық куәландырылған) немесе жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу жөніндегі уәкілетті органның жылыжайдың (қорғалған топырақ ғимаратының) болуы мен жұмыс алаңы туралы анықтамасын ұсынады.

16. АШТӨ лизинг шартының негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымын сатып алған кезде субсидия алушылардың тізіміне енгізу үшін осы Қағиданың 13-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша:

лизинг шартының көшірмесін;

лизинг шарты бойынша негізгі борышты өтеу үшін лизинг берушінің деректемелерін көрсете отырып субсидия төлеуге арналған өтінімді ұсынады.

## 3. ВАК жұмысының тәртібі

17. Бөлім өтінімдер мен құжаттарды алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және ВАК-тың карауына енгізеді. АШТӨ осы Қағиданың 13-15 тармақтарында көрсетілген құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда, өтінім мен құжаттар 5 жұмыс күні ішінде АШТӨ-ге пысықтауға қайтарылады.

18. ВАК үш жұмыс күні ішінде бөлім ұсынған құжаттарды қарап, субсидиялау бағыттары бойынша бюджеттік субсидиялар алуға үміткер АШТӨ тізімін жасайды, ауданға (облыстық маңызы бар қалаға және Астана мен Алматы қалаларына) жеткізілген басым ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша субсидиялау көлемін бөледі, аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана мен Алматы қалаларының) әкіміне бекітуге енгізеді.

19. АШТӨ өтінімдері ауданға (облыстық маңызы бар қалаға және Астана мен Алматы қалаларына) жеткізілген басым ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша субсидиялау көлемінен асып түскен жағдайда ауылдық тұтыну кооперативтерінің немесе су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативтері мүшелерінің өтінімдеріне басымдық беріледі, ал қалған көлем берілген өтінімдерге тең бөлінеді.

20. Субсидиялар алу үшін АШТӨ егіс науқаны аяқталғаннан кейін, бірақ осы Қағиданың 12-тармағына сәйкес белгіленген себу мерзімінен кешіктірмей, бөлімге дақылдардың түрлері бойынша нақты себу алаңы мен мерзімдерін көрсете отырып, егіс науқанының аяқталғаны туралы жазбаша ақпарат ұсынады.

21. Бөлім ақпаратты алғаннан кейін өскіндердің болуын, сондай-ақ АШТӨ-нің егіс айналымына алаңдарды орналастыру картасында (схемасында) көрсетілген егіс айналымдарының сақталуын шолып тексеру мақсатында екі апта мерзімде ВАК мүшелерінің шаруашылықтарға баруын ұйымдастырады.

Бұл ретте себу алаңдарының мәлімделген көлемге сәйкестігіне АШТӨ жауапты болады.

22. ВАК тексеру қорытындылары бойынша үш жұмыс күні ішінде жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызу мен өсіруді субсидиялау жөніндегі тиісті бюджеттік бағдарлама шеңберінде ағымдағы және өткен жылдары отырғызуға бөлінген және оларды күтуге ағымдағы жылы көзделген бюджет қаражаты есебінен отырғызылған көп жылдық екпелерді егуді қоспағанда, осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдыңғы жылғы күздік дақылдарды (қыстап шыққаннан кейін) қоса алғанда, егістікті қабылдау және көп жылдық екпелер отырғызу актісін (бұдан әрі – қабылдау актісі) жасайды.

Қабылдау актісі үш данада жасалады, оның біреуі АШТӨ-де, біреуі – ВАК-та және біреуі – облыстың (Астана және Алматы қалаларының) ауыл шаруашылығы басқармасында (бұдан әрі – басқарма) қалады.

23. ВАК қабылдау актісінің және АШТӨ бөлімге ұсынған құжаттар негізінде егістікті соңғы қабылдау жүргізілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға АШТӨ-нің түпкілікті тізімін (бұдан әрі – тізім) жасайды және оны аудан әкіміне, ал облыстық маңызы бар қалалар, Астана және Алматы қалалары бойынша – қала әкіміне бекітуге жолдайды.

Аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) әкімі екі жұмыс күні ішінде АШТӨ-нің тізімін бекітеді.

АШТӨ-ні тізімге енгізуден бас тартқан жағдайда, тексеру жүргізілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде бөлім АШТӨ-ге бас тарту себептерін көрсете отырып тиісті анықтама береді.

Осы Қағиданың 13 және 14-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынбау, құжаттардың толық жинағын ұсынбау не осы Қағиданың 12-тармағында айқындалған оларды ұсыну мерзімдерінің бұзылуы, сондай-ақ егілген алаңдардың мәлімделген мөлшерлерге сәйкес келмеуі жағдайлары субсидиялар беруден бас тартуға себеп болып табылады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.09.2013 № 988 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

24. Бөлім үш жұмыс күні ішінде басқармаға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың, Астана және Алматы қалаларының) әкімдері бекіткен тізімді, қабылдау актілерін және нөмірі көрсетілген банктік шоттың болуы туралы банк анықтамасын бір данада ұсынады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.04.2013 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 4. Субсидиялар төлеу тәртібі

25. Басқарма ұсынылған құжаттардың осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АШТӨ-ге, лизинг берушілерге субсидиялар төлеу ведомосын және төлем шоттарын қалыптастырады.

Төлем жүргізген кезде басқарма екі жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлем шоттарының тізілімін және төлем шоттарын екі данада ұсынады.

Тиесілі субсидияларды АШТӨ-нің банк шоттарына аударуды басқарма тиісті жылғы 1 желтоқсанға дейін жүзеге асыратын осы Қағиданың 10-тармағының 2-1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тиесілі

субсидияларды АШТӨ-нің банк шоттарына аударуды басқарма тиісті жылғы 15 қыркүйекке дейін жүзеге асырады.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.04.2013 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.09.2013 № 988 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

26. Басқарма тиісті жылғы 5 шілдеге және 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде уәкілетті органға субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпарат береді.

## 3. Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге жұмсалған шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған субсидияларды төлеу тәртібі

## 1. Субсидияларды төлеу тәртібі

27. Субсидиялар АШТӨ-нің мыналарға жұмсаған шығындарын ішінара өтеуге арналады:

1) өткен жылдың күзінде және (немесе) ағымдағы жылдың көктемінде жүргізілген жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін (қарқынды типті бақтар, жидектіктер және жүзімдіктер) отырғызу және оларды ағымдағы жылы өсіру;

Бұл ретте жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызу:

5 гектардан кем емес алқапта (жұмыс жобасында көзделген жол, суару желілерінсіз және желден қорғау жолақтарынсыз пайдалы алқап (таза) есептеледі). Жұмыс жобасын әзірлеу кезінде жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін бір алқап шегінде араластырып отырғызуға жол беріледі;

тамшылатып суару жүйесін орнатпай бақ отырғызу мүмкіндігі бар алманың «Апорт» сортының көпжылдық екпелерін қоспағанда, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдану (сорғы станциясын, гидроциклонды, гидроазықтандырғышты, сүзгіш қондырғыларды, қысым реттегішті, су өлшегішті және тамшылатқышы бар құбыржолдар жүйесін қамтитын қажетті жабдықтардың толық жиынтығымен). Бұл ретте субсидияның көлемі тамшылатып суару жүйесін орнатуға арналған шығындардың көлеміне шамалас азаяды;

тіреуіш бағаналарды орнату: жеміс-жидек дақылдарының көп жылдық екпелері аласа бойлы телітушілердің көшеттерімен отырғызылған жағдайда – бірінші отырғызылған жылы, жүзімнің көп жылдық екпелерін өсірген жағдайда – екінші жылы;

Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген сорттар. Бұл ретте алманың « Апорт» сорттары вирусы жоқ отырғызу материалдарымен дайындалуы және биік бойлы телітушілер Malus Sieversii және Malus Niedzweskiana пайдалану мен алынған көшеттермен отырғызылуы тиіс;

көпжылдық екпелерді отырғызу жүзеге асырылатын АШТӨ-нің нақты жер учаскесіне бақтарды, жидектіктерді және жүзімдіктерді отырғызу үшін бекітілген (бақ отырғызу үшін жарамдылығына топырақтық-мелиоративтік зерттеулердің жүргізілгенін растайтын) жұмыс жобасына (бұдан әрі – жұмыс жобасы) сәйкес. Алманың «Апорт» сортының көпжылдық екпелерін отырғызу кезінде жұмыс жобасында АШТӨ-нің жер учаскесінің теңіз деңгейінен биіктігі көрсетіледі;

АШТӨ-нің штатында «агрономия» немесе «жеміс-көкөніс өсіру» мамандығы бойынша кемінде бір білікті маманның болуы шартымен жүзеге асырылуы тиіс.

Алманың «Апорт» сортының көпжылдық екпелерін отырғызу Іле Алатауының және Жоңғар Алатауының тау етектерінің теңіз дегейінен 900-1200 метр биіктіктегі белдеулерінің жағдайында Алматы облысының Текелі қаласы, Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ, Сарқант, Ескелді, Панфилов, Ұйғыр, Жамбыл және Ақсу аудандарының, Жамбыл облысының Қордай және Мерке аудандарының, Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас және Сайрам аудандарының аумақтарында жүзеге асырылуы керек;

2) отырғызылуы республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылған екінші вегетацияның (аласа бойлы телітушілердің көшеттерімен және книп-баум көшеттерімен салынғандар үшін), екінші-үшінші вегетацияның (жартылай аласа бойлы телітушілердің көшеттерімен салынғандар үшін), екінші-үшінші-төртінші вегетацияның ( республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен 2009 - 2011 жылдары дәстүрлі технология бойынша отырығызылғандар үшін) жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің, ал алманың «Апорт» сорты бойынша екіншіден бастап жетінші вегетацияны қоса алғанда, көп жылдық екпелерін өсіру (күту).

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 № 1639 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

28. Субсидия көп жылдық екпелердің отырғызу схемасы мен сипаттамасына ( түріне), көшеттердің жасына, 1 га отырғызылған санына қарай сараланып және 1 гектарға ғылыми негізделіп ұсынылған шығындардың параметрлеріне сәйкес белгіленеді.

Субсидияларды төлеу кезеңдер бойынша (тоқсанына бір рет) АШТӨ

жүргізген жұмыстардың және/немесе сатып алған шығыс материалдарының қорытындысына сәйкес АШТӨ олардың әрқайсысы бойынша растайтын құжаттар ұсынғаннан кейін жүргізіледі.

АШТӨ субсидиялаудың екінші және одан кейінгі кезеңдеріне қатыспаған жағдайда, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес субсидиялар міндетті түрде қайтарылуға жатады.

## 2. Қажетті құжаттардың тізбесі

29. Осы Қағиданың 27-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген субсидияларды алу үшін АШТӨ тиісті жылғы 15 сәуірге дейінгі мерзімде бөлімге мынадай құжаттардан:

1) осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштен;

2) жер учаскесіне арналған сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілеу құжатының көшірмесінен;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесінен (жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың және дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмелерінен);

4) жұмыс жобасының көшірмесінен;

5) агроном (жеміс-көкөніс өсіруші) маманының біліктілігін растайтын куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың көшірмелерінен тұратын өтінім береді.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 № 1639 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.09.2013 № 988 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

30. Өткен жылдары субсидия алған АШТӨ осы Қағиданың 27-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген субсидияларды алу үшін тиісті жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде бөлімге мынадай құжаттардан:

1) осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштен;

2) өткен жылдары жасалған жеміс (жеміс-жидек) дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызу актісінің көшірмелерінен;

3) өткен жылдары субсидиялар алғаны туралы куәландыратын құжаттардың көшірмелерінен;

4) уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша алдыңғы жылдары алынған субсидиялардың мақсатты және тиімді пайдаланылғандығы туралы есептің көшірмесінен тұратын өтінімді ұсынады.

## 3. ВАК-тың жұмыс тәртібі

31. ВАК 5 жұмыс күні ішінде АШТӨ жұмыс жобасы бойынша АШТӨ-ні субсидиялар алуға үміткерлер тізбесіне енгізу мүмкіндігі туралы сараптамалық қорытынды жасайды және бөлімге ұсынады.

32. Бөлім тоқсан сайын:

1) он жұмыс күні ішінде:

ұсынылған өтінімдер мен:

сатып алу-сату және (немесе) қаржы лизингі шарттары;

АШТӨ жұмыс жобасы бойынша қорытынды;

жұмыс жобасын әзірлеуге, топырақты дайындау мен отырғызуға (оның ішінде отырғызу материалын сатып алуға), шпалерді орнатуға, тамшылатып суару жүйесін салуға, екпелерді күтуге кеткен шығындарды растайтын бастапқы есеп және төлем құжаттары (шот-фактуралар, кіріс және шығыс кассалық ордерлер және/немесе төлем тапсырмалары);

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көшеттерін өндіруші берген отырғызу материалына сорт куәлігі көшірмелерінің толықтығы мен дұрыстығын тексереді;

2) 5 жұмыс күні ішінде ағымдағы жылдың өткен тоқсанынан кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей, ал төртінші тоқсанда – 1 қарашадан кешіктірмей осы Қағиданың 27-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген субсидияларды алуға АШТӨ тізбесін (бұдан әрі – аудан (облыстық маңызы бар қала) бойынша тізбе) қалыптастырады және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкіміне бекітуге жібереді.

Жұмыс жобасы бойынша ВАК теріс қорытынды шығарған жағдайда субсидиялар алуға үміткер АШТӨ аудан (облыстық маңызы бар қала) бойынша тізбеге енгізілмейді.

Алманың «Апорт» сортының көпжылдық екпелерін отырғызған АШТӨ өтінімдері басым тәртіппен қаралады және қанағаттандырылады.

Егер өтінімдер сомасы алманың «Апорт» сортының көпжылдық екпелерін отырғызған АШТӨ өтінімдерін қоспағанда, бөлінген бюджет қаражатының сомасынан артық болса, онда бюджеттік субсидиялауға жататын алқаптар мәлімделген алқаптардың көлеміне қарай АШТӨ арасында тең бөлінеді, ал субсидиялар тең бөлу қорытындылары бойынша алынған алқапқа төленеді.

Ескерту. 32-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 № 1639 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

33. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі бекіткен аудан (облыстық

маңызы бар қала) бойынша тізбе бөлім ұсынған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде басқармаға жіберіледі.

34. Басқарма:

1) бес жұмыс күні ішінде аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бойынша тізбелерді қарайды;

2) осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияларды алуға облыс бойынша АШТӨ-нің алдынала тізбесін жасайды және оны облыс әкіміне бекітуге ұсынады.

35. ВАК:

1) ағымдағы жылдың өткен тоқсанынан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірілмейтін, ал төртінші тоқсанда – тиісті жылдың 10 қарашасынан кешіктірілмейтін мерзімде жергілікті жерге барып:

осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызу, сондай-ақ отырғызылған бақтың және/немесе жүзімдіктің жұмыс жобасына сәйкестігі актісін (бұдан әрі – отырғызу актісі);

осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеміс (жеміс-жидек) дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін тексеру актісін (бұдан әрі – тексеру актісі) жасайды;

2) тоқсан сайын ағымдағы жылдың өткен тоқсанынан кейінгі айдың 15-күніне дейінгі, бірақ 15 қарашадан кеш емес мерзімде субсидия алуға үміткер АШТӨ-нің түпкілікті тізбелерін (бұдан әрі – аудан (облыстық маңызы бар қала) бойынша түпкілікті тізбелер) бөлінген қаражат шегінде қалыптастырады және оны өтінімдермен бірге аудан (облыстық маңызы бар қала) әкіміне бекітуге ұсынады.

Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 № 1639 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

36. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі бекіткен аудан (облыстық маңызы бар қала) бойынша түпкілікті тізбелер, өтінімдер, әрбір АШТӨ бойынша отырғызу актілері және әрбір АШТӨ бойынша тексеру актілері бөлім ұсынған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде басқармаға жіберіледі.

## 4. Субсидиялар төлеу тәртібі

37. Басқарма бөлім ұсынған АШТӨ өтінімдерін алғаннан кейін оларды он бес жұмыс күні ішінде қарайды.

38. Басқарма АШТӨ өтінімдерін қарағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде:

1) осы Қағидаға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыс бойынша

АШТӨ-нің субсидия алуға түпкілікті тізбесін жасайды және оны облыс әкіміне бекітуге ұсынады;

2) өтінімдер берген АШТӨ-ге қабылданған шешім туралы жазбаша хабарламаны:

теріс шешім болған жағдайда өтінімді қайтару себептерін көрсетіп;

мәлімделген алаңдарды тең бөлген жағдайда отырғызғаннан кейін субсидиялауға жататын алаңның көлемін көрсете отырып жібереді;

3) АШТӨ ұсынған растаушы құжаттардың негізінде осы Қағидаға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия төлеуге арналған ведомості қалыптастырады.

39. Өткен жылдары бюджет қаражатының есебінен отырғызылған көпжылдық екпелерді сақтай алмаған және оларды өз қаражатының есебінен қалпына келтірген АШТӨ-ге субсидиялар нақты сақталып қалған көпжылдық екпелердің алаңына (көпжылдық екпелердің өздері қалпына келтірген алаңдарын есепке алмағанда) ғана беріледі.

40. Басқарма облыс бойынша субсидиялар алуға АШТӨ түпкілікті тізілімін облыс әкімі бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екі данада төлем шоттарының тізілімін және төлем шоттарын ұсынады.

40-1. Тиесілі субсидияларды АШТӨ-нің банк шоттарына аударуды басқарма тиісті жылғы 5 желтоқсанға дейін жүзеге асырады.

Ескерту. Қағида 40-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 15.04.2013 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

41. Субсидиялар алған АШТӨ тиісті жылғы 5 желтоқсанға дейінгі мерзімде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөліміне уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша алынған субсидиялардың мақсатты және тиімді пайдаланылғаны туралы есеп береді.

42. Басқарма тиісті жылғы 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде уәкілетті органға субсидия алушыларды, алаңдарды, дақылдарды, сорттарды, нормативтерді, шығынның түрлерін және жалпы төленген субсидиялар сомасын көрсете отырып, көп жылдық екпелерді отырғызу мен өсіруге арналған субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпаратты ұсынады.

43. АШТӨ, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі, басқарма субсидиялар төлеу үшін ұсынылатын құжаттардың дұрыстығына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне жауапты болады.

## 4. Мақта иелеріне мақта талшығының сапасына сараптама жасауға жұмсаған шығындарының құнын толық өтеуге арналған субсидиялар төлеу тәртібі

### 1. Субсидиялар төлеу шарттары

44. Субсидиялар мақта иелеріне мақта талшығының сапасына сараптама жасауға жұмсаған шығындарының құнын толық өтеуге арналады.

45. Мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді жеткізуші Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған сараптау ұйымы болып табылады.

46. Мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді сатып алушылар мақта иелері болып табылады.

47. Мақта талшығының сапасына сараптама жасауды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 желтоқсандағы № 1173 қаулысымен бекітілген Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығы сапасының паспортын беру ережесіне сәйкес мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді жеткізуші жүзеге асырады.

### 2. Субсидиялар төлеу тәртібі

48. Мақтаны қайта өңдеу ұйымдары мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді жеткізушіге осы Қағидаға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтерді сатып алушылардың тізілімін ұсынады.

49. Мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді жеткізуші мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөнінде қызметтер көрсету фактісі бойынша мақтаны қайта өңдеу ұйымдары ұсынған мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді сатып алушылар тізілімдерінің негізінде осы Қағидаға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөніндегі көрсетілген қызметтердің жиынтық актісін жасайды.

50. Мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді жеткізуші субсидиялар алу үшін ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне қарай басқармаға мынадай құжаттарды:

1) мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөнінде көрсетілген қызметтердің жиынтық актісін;

2) мақта талшығының сапасы паспорттарының көшірмелерін ұсынады.

51. Басқарма он жұмыс күні ішінде субсидиялар алу үшін мақта талшығының

сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді жеткізуші ұсынған құжаттарды тексереді. Басқарма мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді жеткізуші ұсынған растаушы құжаттардың негізінде осы Қағидаға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар төлеуге арналған ведомості қалыптастырады.

52. Басқарма үш жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екі данада төлем шоттарының тізілімін және төлем шоттарын ұсынады.

53. Мақта талшығының сапасы бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда мақта талшығына қайта сараптама жасау мақта талшығы иесінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

54. Басқарма тиісті жылғы 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде уәкілетті органға төленген субсидиялардың көлемі мен сараптама жүзеге асырылған мақта талшығы сынамасының саны туралы есеп береді.

## 5. Мақта иелеріне мақта өңдеу ұйымдарына қабылдау кезінде шитті мақтаның сапасына сараптама жасауға жұмсаған шығындарының құнын толық өтеуге арналған субсидиялар төлеу тәртібі

### 1. Субсидия төлеу шарттары

55. Субсидиялар мақта иелеріне мақта өңдеу ұйымдарына қабылдау кезінде шитті мақтаның сапасына сараптама жасауға жұмсаған шығындарының құнын толық өтеуге арналады.

56. Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалар (орталықтар) шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді жеткізушілер болып табылады.

57. Шитті мақтаның иелері шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді сатып алушылар болып табылады.

58. Сынаманы іріктеп алу Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы № 527 бұйрығымен бекітілген ҚР СТ РСТ Уз 643-2006 Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартына сәйкес шитті мақтаның әрбір екі тоннасынан жүргізіледі.

59. Шитті мақтаның сынамаларын іріктеп алу шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді сатып алушының не оның өкілінің қатысуымен жүргізіледі. Сынамаларды іріктеп алу кезінде мақта өңдеу ұйымы өкілінің қатысуы мүмкін.

60. Шитті мақтаның сапасына сараптама жасауды шитті мақтаның сапасына

сараптама жасау жөніндегі қызметтерді көрсетушілер Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітілген шитті мақтаның сапасына сараптама жасау және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру туралы қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

61. Мақта өңдеу ұйымдарына қабылдау кезінде шитті мақтаның сапасы бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда шитті мақтаның сапасына қайта сараптама жасау тараптардың келісімі бойынша шитті мақтаның сапасы туралы куәлік берген шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханада (орталықта) немесе наразылық білдірген тараптың қаражаты есебінен шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі басқа зертханада (орталықта) жүргізілуі мүмкін.

## 2. Субсидия төлеу тәртібі

62. Шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөнінде қызмет көрсету фактісі бойынша шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді жеткізуші ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне басқармаға мынадай құжаттарды:

1) осы Қағидаға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөнінде көрсетілген қызметтердің жиынтық актісін;

2) шитті мақтаның сапасы туралы куәліктердің көшірмелерін ұсынады.

63. Басқарма он жұмыс күні ішінде субсидиялар алу үшін шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді жеткізуші ұсынған құжаттарды тексереді. Басқарма шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді жеткізуші ұсынған растаушы құжаттардың негізінде осы Қағидаға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар төлеуге арналған ведомості қалыптастырады.

64. Басқарма үш жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екі данада төлем шоттарының тізілімін және төлем шоттарын ұсынады.

65. Басқарма тиісті жылғы 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде уәкілетті органға төленген субсидиялардың көлемі мен сараптама жасау жүзеге асырылған шитті мақта топтамасының саны туралы есеп береді.

## 6. Тыңайтқыштардың (органикалықтарды қоспағанда) және гербицидтердің құнын арзандатуға арналған субсидияларды төлеу тәртібі

Ескерту. 6-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.04.2013 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 1. Субсидия төлеу шарттары

Ескерту. 1-кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.04.2013 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

66. Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) мен гербицидтердің құнын арзандатуға арналған субсидиялар:

1) ағымдағы жылы отандық тыңайтқыш өндірушілер (бұдан әрі – өндіруші) сатқан тыңайтқыштардың құнын ішінара арзандатуға;

2) тыңайтқыштарды ағымдағы жылы тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) тікелей шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден (бұдан әрі – шетелдік тыңайтқыш өндірушілер) сатып алған АШТӨ шығындарын ішінара өтеуге;

3) тыңайтқыштарды өткен жылғы 4-тоқсанда өндірушіден және (немесе) тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алған АШТӨ шығындарын ішінара өтеуге;

4) гербицидтерді ағымдағы жылы және өткен жылғы 4-тоқсанда сатып алған АШТӨ шығындарын ішінара өтеуге арналады.

67. Мыналар:

1) өндіруші – Қазақстан Республикасында тыңайтқыш өндіруді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға. Тыңайтқыш өндірушілердің тізбесін облыстың (Астана қаласының) жергілікті атқарушы органының сұрауы бойынша индустрия және жаңа технологиялар саласындағы уәкілетті орган береді;

2) тыңайтқыш жеткізуші – тыңайтқыш сатуды жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлға тыңайтқыш сатушылар болып табылады.

Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіруді (формуляциялауды) және (немесе) сатуды жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар гербицид жеткізушілер болып табылады.

68. Тыңайтқыштар мен гербицидтердің құнына қосымша құн салығы, қаптау, таңбалау құны, республиканың тиісті өңіріндегі жеткізу (жіберу) пунктіне дейінгі көлік шығыстары кіреді.

69. Бюджеттік субсидиялар сатып алынған тыңайтқыштар мен гербицидтердің 1 тоннасына (литріне, килограмына) арналған субсидиялар нормаларына сәйкес мына мөлшерде беріледі:

1) отандық өндірістің тыңайтқыштарын сатып алған кезде – субсидиялар сатылған тыңайтқыш құнының 50 %-ына дейінгі мөлшерде өндірушіге төленеді;

2) отандық өндірістің гербицидтерін сатып алған кезде – субсидиялар сатылған гербицид құнының 50 %-ына дейінгі мөлшерде АШТӨ-ге төленеді;

3) шетелдік өндірістің тыңайтқыштарын және (немесе) гербицидтерін сатып алған кезде – субсидиялар сатып алынған тыңайтқыштар және (немесе) гербицид

құнының 30 %-ына дейінгі мөлшерде АШТӨ-ге төленеді.

Бұл ретте осы Қағиданың 8-тармағының 4) тармақшасында көзделген тыңайтқыштар пен гербицидтер түрлеріне арналған субсидия нормаларын белгілеген кезде тыңайтқыш жеткізушілер мен гербицид жеткізушілер сататын шетелдік өндіріс тыңайтқыштарының және (немесе) гербицидтерінің құны ұқсас отандық өндіріс тыңайтқыштарының және (немесе) гербицидтерінің құнынан аспауы тиіс, отандық және шетелдік өндіріс тыңайтқыштары мен гербицидтеріне арналған субсидия мөлшерлері арасындағы айырмашылық осы Қағиданың 69-тармағында белгіленген айырмашылыққа бара-бар сәйкес болуы тиіс.

Ескерту. 69-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.09.2013 № 988 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

70. Өндіруші мен АШТӨ-нің жоғарыда көрсетілген шарттарды сақтамауы басқарманың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленген субсидияларды өтеп алуына негіз болып табылады.

## 2. Қажетті құжаттар тізбесі

71. АШТӨ жұмыс органы белгілеген мерзімде ВАК-тың жұмыс органына осы Қағидаға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия алуға арналған АШТӨ тізіміне (бұдан әрі – АШТӨ тізімі) енгізу үшін өтінімді және мынадай құжаттарды:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмелерін (жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың және дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін).

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы берілген куәлік заңды тұлғаның қызметін тоқтатқанға дейін жарамды болып табылады;

2) клиентті салық есебіне қою фактісін растайтын салық қызметінің органы берген құжаттың көшірмесін;

3) жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжатының көшірмесін;

4) нөмірі көрсетілген ағымдағы шоттың бар екендігі туралы банктің анықтамасын;

5) тыңайтқыш сатушы берген шот-фактуралардың, тауар-көліктік жүкқұжаттың түпнұсқаларын (тыңайтқыштарды өндірушіден және (немесе) тыңайтқыш жеткізушіден алдыңғы жылғы 4-тоқсанда және тыңайтқыш жеткізушіден ағымдағы жылы сатып алған АШТӨ үшін);

6) кедендік жүк декларациясының, тауар-көліктік жүкқұжаттың, шот-фактураның (инвойс) көшірмелерін (телнұсқаларын) (тыңайтқыштарды және (немесе) гербицидтерді шетелдік тыңайтқыш және (немесе) гербицид өндірушілерден сатып алған АШТӨ үшін);

7) гербицид жеткізуші берген шот-фактуралардың, тауар-көліктік жүкқұжаттың түпнұсқаларын;

8) химиялық өнімді тіркеу туралы куәліктің (минералдық тыңайтқыштар үшін ), сатып алынған тыңайтқыштар мен гербицидтерге арналған сәйкестік сертификаттарының көшірмелерін;

9) гербицидтер жеткізушілер лицензияларының көшірмелерін (гербицид сатып алған АШТӨ үшін);

10) осы Қағидаға 18-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тыңайтқыштар мен гербицидтерді ғылыми ұсынылған қолдану нормаларына сәйкес тыңайтылған немесе өңделген алқапты көрсете отырып, АШТӨ-нің тыңайтқыштар мен гербицидтерді мақсатты пайдаланғаны туралы анықтама-есепті ұсынады.

АШТӨ ұсынылған құжаттардың дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Игерілмеген қаражат қалыптасқан және (немесе) қосымша қаражат бөлінген жағдайда ВАК-тың жұмыс органы жергілікті атқарушы органдар белгілеген мерзімде жоғарыда көрсетілген құжаттармен қоса қосымша өтінімдер қабылдауды жүзеге асырады.

Ескерту. 71-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.04.2013 № 350 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.09.2013 № 988 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

72. Осы Қағиданың 69-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес субсидиялар алатын, тыңайтқыштар мен гербицидтер құнының кемінде 50 %-ын төлеген АШТӨ бюджеттік субсидиялар алушылардың тізіміне енгізіледі.

